

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК
директоры
Қалиева А.Ж.

« 21 » қаңтар 2025 ж. № 167 /18 бұйрығы



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлеріне
сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық парақорлыққа қарсы іс-қимыл
жөнінде НҰСҚАУЛЫҚ

Алматы қ., 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Қолданылу аясы	3
2-тарау. Глоссарий	3–4
3-тарау. Жалпы ережелер	4–6
4-тарау. Егер Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдасаңыз	6
5-тарау. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда қызметкерлердің іс-әрекет алгоритмі	6
6-тарау. Өздеріне бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауаптылығы	7–8
7-тарау. Қорытынды ережелер	8

1-тарау. Қолданылу аясы

1. Осы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлыққа бағытталған әрекеттерге не жататынын айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Училище) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған кезде іс-әрекет тәртібін белгілейді.

2. Осы құжат Училищенің барлық қызметкерлері үшін танысуға және қолдануға міндетті болып табылады.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең төменгі қажетті талаптар болып табылады және нақты жағдай үшін таусылған немесе шектейтін талаптар ретінде қарастырылмауы тиіс.

2-тарау. Глоссарий

4. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктері мен оларға байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайдалану мақсатында заңсыз пайдалануы, сондай-ақ көрсетілген адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен параға сатып алу.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және оларды жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу және олардың салдарын жою бойынша өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

3) Коммерциялық парақорлық – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын тұлғаға оның қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ пара беруші тұлғаның мүддесінде жалпы қамқорлығы немесе қызметтік попустительства үшін заңсыз ақша, бағалы қағаздар немесе өзге де мүлік беру, сондай-ақ оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

4) Лауазымды тұлға – мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарында билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын немесе ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам.

5. Мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың және олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы, аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соқтыруы мүмкін болатын қайшылық.

6) Пара – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам, оған теңестірілген адам, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам, лауазымды адам,

сондай-ақ шетелдік мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда.

7) Пара талап ету – пара берушінің немесе ол өкілдік ететін тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекеттер жасау қаупі төндіру арқылы тұлғаның пара талап етуі, не сол тұлға пара беруге мәжбүр болатындай жағдайларды әдейі жасау, осылайша заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіретін салдарды болдырмау үшін пара беруге итермелеу.

3-тарау. Жалпы ережелер

5. Пара алу және пара беру әрекеттері Қазақстан Республикасында заңсыз болып табылады және Қылмыстық кодекстің және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қолданылу аясына жатады.

Егер мүліктік игіліктер (ақша, өзге мүлік, материалдық қызметтер көрсету) лауазымды тұлғаның келісімімен немесе ол қарсы болмаған жағдайда оның жақындарына немесе туыстарына берілсе және ол өз қызметтік өкілеттіктерін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды тұлғаның әрекеттері пара алу ретінде саралануға тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, параның және коммерциялық парақорлықтың заты ретінде ақша, бағалы қағаздар және өзге мүлікпен қатар өтеусіз, бірақ төлеуге тиісті мүліктік сипаттағы игіліктер (туристік жолдамалар беру, пәтерді жөндеу, саяжай салу және т.б.) де танылады.

Мүліктік сипаттағы игіліктер деп, атап айтқанда, берілетін мүліктің құнын төмендету, жекешелендірілетін объектілердің бағасын негізсіз азайту, жалдау төлемдерін төмендету, банк несиелерін пайдаланғаны үшін пайыздық ставкаларды төмендету түсініледі.

6. Пара алу және пара беру — қылмыстық іс-әрекеттің екі толыққанды жағы. Егер әңгіме пара туралы болса, онда пара алушы (пара алатын адам) және пара беруші (пара беретін адам) бар деген сөз.

7. Пара алу — лауазымдық қылмыстардың ең қауіпті түрлерінің бірі, әсіресе ол адамдар тобы болып жасалған немесе ол бопсалаумен (вымогательством) қатар жүретін жағдайда. Бопсалау лауазымды тұлғаның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен игіліктер алуын көздейді.

8. Пара беру — лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға не пара берушінің мүддесі үшін қандай да бір артықшылықтар көрсетуге, оның ішінде жалпы қамқорлық пен қызметтік попустительство үшін итермелеуге бағытталған қылмыс.

9. Пара заты болуы мүмкін:

1) заттар: ақша (оның ішінде валюта), банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-түлік, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және өзге тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және өзге жылжымайтын мүлік;

2) игіліктер: емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және өзге шығындарды өтеусіз немесе төмендетілген бағамен төлеу;

3) жасырын (завуалированная) пара формасы: банк несиесін қарыз немесе жалған қарызды өтеу түрінде рәсімдеу, тауарларды төмендетілген бағамен сатып алып беру, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төленетін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдетілген несие алу, дәрістер,

мақалалар, кітаптар үшін сыйақыны негізсіз жоғарылату, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысының төмендетілуі, несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді арттыру және т.б.

10. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу туралы міндеттерді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу мақсатында жасалған өтініштер туралы жұмыс берушіні хабардар ету міндетін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды.

Белгілі бір сөздер, тіркестер және ым-ишаралар айналадағы адамдар тарапынан пара сұрау (немесе параға ишара жасау) ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай тіркестерге мыналар жатады:

- «Мәселені шешу қиын, бірақ болады»;
- «Рахметті нанға жағып жемейсің»;
- «Келісерміз»;
- «Нақтырақ аргументтер керек»;
- «Параметрлерді талқылау қажет»;
- «Енді не істейміз?» және т.б.

Ұйым өкілдерімен және азаматтармен белгілі бір тақырыптарды талқылау, әсіресе олардың пайдасы лауазымды тұлғалардың шешімдеріне тәуелді болған жағдайда, пара сұрау ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға, мысалы:

- төмен жалақы және қаражат тапшылығы;
- белгілі бір мүлікті, қызметті немесе сапарды қалау;
- лауазымды тұлғаның туыстарының жұмыссыздығы;
- лауазымды тұлғаның балаларын білім беру ұйымдарына орналастыру қажеттілігі жатады.

Лауазымды тұлғадан туындайтын кейбір ұсыныстар да пара сұрау ретінде қабылдануы мүмкін, тіпті бұл ұсыныстар жағымды ниеттен туындаса да. Ондай ұсыныстарға, мысалы:

- лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- мемлекеттік келісімшарт шеңберіндегі жұмыстарды орындау үшін белгілі компанияның немесе сарапшылардың қызметін пайдалану;
- нақты қайырымдылық қорына ақша аудару;
- белгілі бір спорт командасын қолдау ұсынысы және т.б.

11. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық паракорлық сипатындағы ықтимал жағдайлар және мінез-құлық жөніндегі ұсынымдар:

1) Арандатушылықтар. Қызмет көрсетуге жүгінген азаматтар немесе бөлімшенің қызметін тексеретін лауазымды тұлғалар тарапынан болуы мүмкін арандатушылықтардың алдын алу үшін:

- келушілер отырған кезде қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмке және т.б.) қараусыз қалдырмау;

- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттар арасында бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай әрекет жасамай, дереу басшылыққа баяндау.

2) Пара талап ету:

- барынша сақ, сыпайы болу, жағымпаздыққа салынбау, параны қабылдауға дайындық немесе қатаң бас тарту ретінде түсінілетін сөздерден аулақ болу;

- ұсынылған шарттарды (сомалар, тауарлар, қызметтер, беру мерзімі мен тәсілдері, коммерциялық пара нысаны, мәселені шешу реті) мұқият тыңдап, нақты есте сақтау;

- параны немесе коммерциялық параны беру орнын және уақытын келесі кездесуге ауыстыруға тырысу, өзіңізге жақсы таныс орынды ұсыну;

- әңгімені өзіңіз бастамауға, көбірек тыңдаушы болуға, қарсы тарапқа ақпаратты толық жеткізуге мүмкіндік беруге;

- келісім берген жағдайда мәселенің шешілетініне кепілдік сұрауға;
- диктофон болған жағдайда (жасырын түрде) ұсынысты жазып алуға тырысу;
- бұл дерек туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына жазбаша немесе ауызша түрде қылмыс дайындығы туралы хабарлау.

12. Мүдделер қақтығысы:

- мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мұқият қарау;
- мүдделер қақтығысының пайда болу мүмкіндігін болдырмау шараларын қабылдау;

- мүдделер қақтығысы туындағаны немесе туындау мүмкіндігі туралы белгілі болған сәттен бастап тікелей басшыны жазбаша түрде хабардар ету;

- тікелей басшымен келісу арқылы туындаған мүдделер қақтығысын жою шараларын қабылдау;

- мүдделер қақтығысына тарап болған қызметкердің қызметтік жағдайын өзгерту, қажет болғанда оны қызметтік міндеттерін орындаудан отстранение ету және (немесе) қақтығысқа себеп болған артықшылықтан бас тартқызу;

- қызметтік мінез-құлық талаптарын сақтау және мүдделер қақтығыстарын реттеу жөніндегі комиссия құру.

Әр адам өз шешімін еркін қабылдайды. Алайда еркін тұлға ретінде әркім қылмыстың жазалануы тиіс екенін түсінуге міндетті.

4-тарау. Егер Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдасаңыз

13. Өз қалауыңыз бойынша Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен, не комплаенс-офицерге жүгіне аласыз.

14. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлаудың нысандарының бірі — анонимді өтініш. Бұл жағдайда өтініш беруші анонимдігіне байланысты жауап алу құқығына ие болмайды, ал анонимді өтініш қылмыстық іс қозғауға негіз бола алмайды, егер ондай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болмаса.

15. Пара бопсалау жағдайында Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгініп, пара немесе коммерциялық парақорлық фактісі туралы өтініш жазуыңыз қажет, онда дәл көрсету керек:

- қандай лауазымды тұлға (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ұйым атауы) Сізден пара талап етуде немесе қандай коммерциялық құрылым өкілдері Сізді пара беруге итермелеуде;

- талап етілетін параның (парақорлықтың) сомасы мен сипаты;

- Сізден қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара талап етілуде немесе коммерциялық парақорлық жасалуда;

- параны немесе коммерциялық параны тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қандай тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс екені.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар кезінде қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар, қызметкерлер осы нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар етуге міндетті. Училищенің бекітілген штаттық құрылымына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын және сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайларды анықтау және (немесе) олармен бетпе-бет келген жағдайларда барлық қызметкерлер үшін келесі іс-қимыл алгоритмі әзірленді — Училищенің барлық қызметкерлері директорға және комплаенс-офицерге хабарлау тиіс.

Сонымен бірге, қызметкерлер өз мүмкіндігі шегінде өз дәлелдемелерін негіздейтін айғақтарды (куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейнематериалдар және т.б.) жинап, уәкілетті органға және жоғары тұрған басшылыққа алгоритмге сәйкес жолдайды.

6-тарау. Тікелей бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

17. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында, функционалдық міндеттерін орындау барысында бағынысты қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық парақорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, олардың кінәсі сотта дәлелденсе, басшылардың жеке жауапкершілігін көздейтін норма қарастырылған.

18. Училище қызметкері функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, коммерциялық парақорлық немесе өзге қылмыстық құқық бұзушылық жасаған факті бойынша қылмыстық қудалау шеңберіне тартылған жағдайда, бұл қызметкер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңіне қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетіледі. Тікелей басшысы қызметкерді қызметтік міндеттерін атқарудан шеттету жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

19. Тәртіптік жауапкершілік мынадай жаза түрлерін қамтиды:

- ескерту;

- сөгіс;

- қатаң сөгіс;

- Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу.

Тікелей бағыныстысына қатысты соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі шығарылған жағдайында немесе қылмыстық істі ақтамайтын негіздер (амнистия, шын жүректен өкіну, тараптардың татуласуы және т.б.) бойынша тоқтату туралы шешім қабылданған кезде басшы отставкаға кету туралы өтініш беруге тиіс. Өтініш басшыны лауазымға тағайындаған уәкілетті тұлғаға беріледі.

Басшыны лауазымға тағайындаған тұлғаның құзыретіне басшыны жұмыстан босату және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау жатады.

Басшының отставкаға кету туралы өтініш беру мерзімі — 10 (он) күнтізбелік күн.

20. Училище директорына тікелей бағынысты қызметкерлер — оның орынбасарлары, кадр қызметінің басшысы, бас бухгалтер, комплаенс-офицер болып табылады.

21. Тікелей бағынысты қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда, басшы тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң жеке жауапкершілікке тартылады. Сонымен бірге, аталған жауапкершілік тікелей бағыныстысының жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы өзі дербес хабарлаған басшылыққа қолданылмайды (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18

қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 24-бабына сәйкес).

22. Училище қызметкері функционалдық міндеттерін орындау барысында жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, коммерциялық паракорлық немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге түрде көмек көрсеткен қызметкер мемлекет қорғауында болады және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

23. Бұл ережелер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға қолданылмайды. Мұндай тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

24. Училище қызметкерлері функционалдық міндеттерін орындау барысында жасалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық паракорлыққа және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға көмектесетін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ғана беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

7-тарау. Қорытынды ережелер

25. Нұсқаулық Училище директоры бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң күшіне енеді.

26. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Училище директоры бекіткен күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК
қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық
парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен танысу туралы танысу
парағы**

[illegible]

